

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Б. М. Сапарбаевқа**

2019 жылғы 18 қыркүйекте
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Бердібек Машбекұлы!

Статистикалық мәліметтерге қарағанда, телемедицина ең жоғары деңгейде дамыған ел болып саналатын Америка Құрама Штаттарында қашықтықтан консультациялар беру мен мониторинг жүргізу науқастарды госпитализациялауды 19 пайызға, дәрігерлік кеңес алу үшін тікелей дәрігерге жүгінуді 70 пайызға қысқартуға мүмкіндік берген, ал онлайн-консилиумдар арқылы ауыр науқастарды тасымалдаудан жыл сайын 500 миллион доллар қаржы үнемдеуге қол жеткізілген. Ал Еуропа елдеріндегі телемедициналық қызметтердің үлесі 30 пайызға дейін жеткен.

Денсаулық сақтау саласының мамандары аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды еншілеген, кең байтақ Қазақстан үшін де телемедицинаны дамыту маңызды деп санайды. Өйткені, шалғайдағы ауылдардың тұрғындарына уақтылы әрі сапалы медициналық көмек көрсету қиынға соғып отыр. 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында да Ұлттық телемедицина желісін кеңейту көзделген.

Осы орайда қазіргі уақытта «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес денсаулық сақтау саласында еліміздің әрбір азаматына арналған электрондық денсаулық паспортын енгізу, бірыңғай деректер базасын құру, қағазсыз денсаулық сақтауға көшу сияқты игі істер қолға

алынып жатқандығы мәлім. Алайда, елімізде телемедицинаны дамытуға онша көңіл бөлініп отырған жоқ.

Атап айтқанда, 2004 жылы «Ауылды дамыту» мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі «Ауылдық жердің денсаулық сақтау саласында мобильдік және телемедицинаны дамыту» жобасы бойынша құрылған Ұлттық телемедицина желісі (ҰТМЖ) қазір 700-ден астам денсаулық сақтау ұйымының 217-сін ғана қамтып отыр.

Әу баста ауылды дамытуға арналған жоба болғандықтан, ҰТМЖ-ға бірқатар шағын және моно қалалар әлі күнге дейін қосылмаған. Мәселен, еліміздегі аумағы жөнінен ең ірі өңір болып табылатын Қарағанды облысы бойынша облыстық бағыныстағы 8 қаладағы ауруханаларда телемедицина жоқ. Солардың ішінде облыс орталығынан 350-550 километр қашықтықта орналасқан Қаражал, Балқаш, Жезқазған, Сәтпаев сияқты қалалар бар.

Шығыс Қазақстан облысындағы 15 ауданның небәрі 8-і ғана ҰТМЖ-ға қосылған. Осы өңірдегі Риддер, Курчатов қалалары да телемедицинамен қамтылмаған. Алматы облысындағы 17 ауданның 4-і және Қапшағай мен Текелі қалалары ҰТМЖ-ға қосылмаған. Ақмола облысының бір шетіндегі, орталығы Степняк қаласы болып табылатын Біржан сал ауданының тұрғындары да телемедицинаның игілігін көріп отырған жоқ.

Соңғы үш жылда облыстық ауруханалар мен республикалық клиникалардың телемедициналық орталықтары 72400 телемедициналық консультация өткізген. Алайда кейінгі кезде осындай консультациялар санының азая бастағандығы байқалады. Мұның себебі денсаулық сақтау ұйымдарына 2004-2011 жылдар аралығында республикалық бюджет қаржысы есебінен сатып алынып, орнатылған телемедициналық жабдықтардың әбден тозғандығында. Олар жөндеуге келмейді.

Сондай-ақ телемедицинаның дамуына орай пациенттердің өздерінің рұқсатымен ғана ашылатын дербес деректерінің жабықтығын қамтамасыз ету мәселесі де туындап отыр.

Жоғарыда баяндалған жайлардың негізінде Сіздің қарауыңызға мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Қазақстанның жағдайында телемедицинаны дамытудың тиімділігін нақты анықтау мақсатында талдамалық зерттеу жүргізу қажет. Оның қорытындысы оң болған жағдайда:

а) телемедицинаның қазіргі заманғы жоғарытехнологиялық жүйесін енгізудің бірыңғай мемлекеттік бағдарламасын жасау мәселесін қарастырған жөн;

б) орталық және жергілікті атқарушы органдарға денсаулық сақтау ұйымдарының баланстарындағы телемедициналық жабдықтарды жаңарту

үшін қаржы көздерін қарастыруды тапсыру керек. Бұл ретте ынтымақтастықтың мемлекеттік-жекешелік әріптестік, инвестициялық жобалар және мемлекеттік тапсырыс сияқты модельдерін қолдану ұсынылады;

в) телемедицина жабдықтары орнатылған денсаулық сақтау ұйымдарындағы Интернет байланысы арналарының өткізу қабілетін арттыру шараларын қолдану қажет;

2. Денсаулық сақтауды цифрландыру процесінде, соның ішінде телемедицинаны қолдану барысында туындаған пациенттердің дербес деректерінің жабықтығын қамтамасыз ету мақсатында блокчейн-технологияларды енгізуді және тиісті нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуді жеделдеткен жөн.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
депутаттар, «Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
М. Айсина
З. Балиева
А. Қожахметов

Орынд.: А. Канафина
Тел.: 74-62-21